

ОТЗЫВ

на диссертационную работу Турдалиева Рауана Муратовича по теме «Научно-методическое обоснование развития студенческого спорта на современном этапе в Республике Казахстан», представленной на соискание степени доктора философии (PhD) по образовательной программе 8D01401 «Физическая культура и спорт».

Актуальность исследования обусловлена возрастанием роли студенческого спорта как важного фактора укрепления здоровья молодежи, формирования гармонично развитой личности, повышения социальной активности и воспитания гражданской ответственности будущих специалистов. В условиях современных социально-экономических преобразований и цифровизации общества проблема сохранения и укрепления здоровья студенческой молодежи приобретает особую значимость.

Необходимо отметить, что анализ современной практики показывает, что уровень вовлеченности студентов в спортивную деятельность остается недостаточным. Наблюдаются снижение двигательной активности молодежи, рост числа студентов с различными отклонениями в состоянии здоровья, недостаточная мотивация к систематическим занятиям спортом. Кроме того, в ряде вузов сохраняются проблемы организационного, кадрового и материально-технического характера, препятствующие эффективному развитию студенческого спорта.

Особую актуальность исследуемой проблеме придают процессы модернизации высшего образования, требующие поиска новых подходов к организации физкультурно-спортивной деятельности студентов. Современный студенческий спорт должен рассматриваться не только как средство физического совершенствования, но и как важный ресурс формирования лидерских качеств, коммуникативных навыков, командного взаимодействия, стрессоустойчивости и профессиональных компетенций обучающихся.

Таким образом, актуальность исследования определяется существующим противоречием между объективной потребностью общества и государства в повышении уровня физической активности, здоровья и социальной успешности студенческой молодежи и недостаточной разработанностью научно обоснованных подходов к развитию студенческого спорта в высших учебных заведениях Казахстана. Необходимость разрешения данного противоречия обусловила выбор темы исследования и определила ее теоретическую и практическую значимость.

Научные результаты и выводы, полученные автором в рамках требований МНВО РК к диссертациям на соискание степени доктора философии (PhD).

Результат 1. Определены теоретические основы проблемы развития студенческого спорта на современном этапе высших учебных заведений.

Результат 2. Уточнена сущность, содержание и структура понятия «студенческий спорт».

Результат 3. Разработана структурно-содержательная модель развития студенческого спорта.

Результат 4. Разработана и экспериментально доказана эффективность комплексной системы развития студенческого спорта в университетах Западного Казахстана.

Степень обоснованности и достоверности каждого научного результата и их новизна.

Обоснованность **первого результата** обеспечивается комплексным анализом отечественной и зарубежной научной литературы, нормативно-правовых документов в сфере образования и физической культуры, а также современных исследований по проблемам развития студенческого спорта. Достоверность подтверждается использованием системного, сравнительного и контент-анализа научных источников, что позволило выявить основные тенденции, факторы и условия развития студенческого спорта в высших учебных заведениях.

Научная новизна **первого результата** заключается в систематизации современных теоретических подходов к развитию студенческого спорта в условиях трансформации высшего образования, выявлении актуальных тенденций и факторов, влияющих на эффективность организации спортивной деятельности студентов, а также в уточнении теоретических оснований развития студенческого спорта в университетской среде.

Обоснованность **второго результата** обеспечивается проведением понятийно-категориального анализа научной литературы, нормативных документов и существующих научных концепций в области физической культуры и спорта. Достоверность подтверждается сопоставлением различных научных подходов и экспертной оценкой выделенных структурных компонентов исследуемого понятия.

Научная новизна **второго результата** состоит в уточнении сущности понятия «студенческий спорт» с учетом современных требований высшего образования, определении его содержания и структуры, включающий в себя многоуровневую систему.

Обоснованность **третьего результата** обеспечивается определением методологических подходов, принципов и разработкой компонентов, показателей развития студенческого спорта. Достоверность подтверждается логической взаимосвязью блоков модели, их соответствием целям и задачам исследования.

Научная новизна **третьего результата** заключается в разработке структурно-содержательной модели развития студенческого спорта, включающей цель, задачи, методологические подходы, принципы, содержание, организационные механизмы, компоненты и показатели, обеспечивающие целостный подход к организации спортивной деятельности студентов.

Обоснованность **четвертого результата** обеспечивается реализацией педагогического эксперимента в университетах Западного Казахстана, использованием комплекса взаимосвязанных методов исследования, а также

количественным и качественным анализом полученных данных. Достоверность подтверждается статистической обработкой результатов эксперимента, сравнением показателей контрольных и экспериментальных групп и положительной динамикой исследуемых критериев.

Научная новизна **четвертого результата** заключается в разработке и практической апробации комплексной системы развития студенческого спорта, а также в экспериментальном подтверждении ее эффективности для повышения уровня спортивной активности, мотивации студентов и совершенствования организации спортивно-массовой работы в вузах.

Оценка внутреннего единства полученных результатов.

Научные результаты диссертационного исследования Турдалиева Р.М. представляют внутреннее единство, так как обеспечиваются продуманным структурным решением представляемых разделов диссертации, лаконичным изложением материалов исследования, в котором четко прослеживаются основная идея и решение поставленных в нем задач, а также соблюдение научной логики.

Подтверждение достаточной полноты публикаций основных положений, результатов, выводов и заключения диссертации.

По теме диссертации опубликованы 13 научных трудов, часть которых размещена в рецензируемых научных журналах, рекомендованных Комитетом по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан, а также в зарубежных изданиях, входящих в базу данных компании *Scopus*. Кроме того, результаты исследования представлены в материалах международных научных конференций. Опубликованные работы всесторонне и глубоко отражают основное содержание диссертационного исследования.

Соответствие работы требованиям МНВО РК к диссертациям на соискание степени доктора философии (PhD) по образовательной программе 8D01401 «Физическая культура и спорт» и рекомендация к защите.

Основываясь на вышеизложенное считаем, что научное исследование Турдалиева Рауана Муратовича на тему «Научно-методическое обоснование развития студенческого спорта на современном этапе в Республике Казахстан» соответствует всем требованиям, предъявляемым к диссертациям на соискание степени доктора философии (PhD) Комитетом по контролю в сфере образования и науки МНВО РК и рекомендуется к открытой защите.

Зарубежный научный консультант:
доктор педагогических наук, профессор
кафедры ТиМСД, АФК и МБОФВ
Института физической культуры и спорта
Оренбургского государственного
педагогического университета



Коровин С.С.

Подпись	<i>С.С. Коровина</i>
Заверяю:	Управление кадров ФГБОУ ВО «ОГПУ»
	<i>Кондратьева Е.В.</i>
	СПЕЦИАЛИСТ ПО КАДРАМ
	КОНДРАТЬЕВА Е. В.

8D01401 – «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Турдалиев Рауан Муратовичтің «Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

ІІКІР

Зерттеудің өзектілігі студенттік спорттың жастардың денсаулығын нығайтудың, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастырудың, әлеуметтік белсенділікті арттырудың және болашақ мамандардың азаматтық жауапкершілігін тәрбиелеудің маңызды факторы ретіндегі рөлінің артуымен айқындалады. Қазіргі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен қоғамды цифрландыру жағдайында студент жастардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселесі ерекше маңызға ие болып отыр.

Қазіргі тәжірибені талдау студенттердің спорттық қызметке тартылу деңгейінің әлі де жеткіліксіз екенін көрсетеді. Жастардың қозғалыс белсенділігінің төмендеуі, денсаулық жағдайында әртүрлі ауытқулары бар студенттер санының артуы, спортпен жүйелі түрде айналысуға деген ынтаның жеткіліксіздігі байқалады. Сонымен қатар, бірқатар жоғары оқу орындарында студенттік спортты тиімді дамытуға кедергі келтіретін ұйымдастырушылық, кадрлық және материалдық-техникалық сипаттағы мәселелер сақталуда.

Зерттеліп отырған мәселенің өзектілігін жоғары білім беру жүйесін жаңғырту үдерістері одан әрі күшейте түседі. Бұл үдерістер студенттердің дене шынықтыру-спорттық қызметін ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін іздестіруді талап етеді. Қазіргі заманғы студенттік спорт тек дене дайындығын жетілдіру құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін, коммуникативтік дағдыларын, командада өзара әрекеттесу қабілетін, күйзеліске төзімділігін және кәсіби құзыреттерін қалыптастырудың маңызды ресурсы ретінде қарастырылуы тиіс.

Осылайша, зерттеудің өзектілігі қоғам мен мемлекеттің студент жастардың дене белсенділігі деңгейін, денсаулығын және әлеуметтік табыстылығын арттыруға деген объективті қажеттілігі мен Қазақстан жоғары оқу орындарында студенттік спортты дамытудың ғылыми негізделген тәсілдерінің жеткілікті деңгейде әзірленбеуі арасындағы қайшылықпен анықталады. Аталған қайшылықты шешу қажеттілігі зерттеу тақырыбын таңдауға негіз болып, оның теориялық және практикалық маңыздылығын айқындады.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылатын диссертацияларға қойылатын талаптарына сәйкес ізденуші алған ғылыми нәтижелер мен қорытындылар

1-нәтиже. Қазіргі кезеңдегі жоғары оқу орындарында студенттік спортты дамытудың теориялық негіздері айқындалды.

2-нәтиже. «Студенттік спорт» ұғымының мәні, мазмұны және құрылымы нақтыланды.

3-нәтиже. Студенттік спортты дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді.

4-нәтиже. Батыс Қазақстан университеттерінде студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесі әзірленіп, оның тиімділігі педагогикалық эксперимент арқылы дәлелденді.

Әрбір ғылыми нәтиженің негізділік және сенімділік дәрежесі, сондай-ақ олардың ғылыми жаңалығы

Бірінші нәтиже. Бірінші нәтиженің негізділігі отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерді, білім беру және дене шынықтыру саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарды, сондай-ақ студенттік спортты дамыту мәселелеріне арналған заманауи зерттеулерді кешенді талдау арқылы қамтамасыз етілген. Нәтиженің сенімділігі ғылыми дереккөздерге жүйелік, салыстырмалы және контент-талдау әдістерін қолдану арқылы расталады. Бұл жоғары оқу орындарындағы студенттік спорттың даму үрдістерін, оған ықпал ететін факторлар мен жағдайларды айқындауға мүмкіндік берді.

Бірінші нәтиженің ғылыми жаңалығы жоғары білім беру жүйесінің трансформациясы жағдайында студенттік спортты дамытудың заманауи теориялық тәсілдерін жүйелеуден, студенттердің спорттық қызметін ұйымдастыру тиімділігіне әсер ететін өзекті үрдістер мен факторларды анықтаудан, сондай-ақ университеттік ортада студенттік спортты дамытудың теориялық негіздерін нақтылаудан көрінеді.

Екінші нәтиже. Екінші нәтиженің негізділігі дене шынықтыру және спорт саласындағы ғылыми әдебиеттерге, нормативтік құжаттарға және қалыптасқан ғылыми тұжырымдамаларға ұғымдық-категориялық талдау жүргізу арқылы қамтамасыз етілген. Нәтиженің сенімділігі әртүрлі ғылыми көзқарастарды салыстыру және зерттеліп отырған ұғымның құрылымдық компоненттеріне сараптамалық бағалау жүргізу арқылы дәлелденеді.

Екінші нәтиженің ғылыми жаңалығы жоғары білім берудің қазіргі талаптарын ескере отырып, «студенттік спорт» ұғымының мәнін нақтылауда, оның мазмұны мен көпдеңгейлі жүйені қамтитын құрылымын айқындауда көрініс табады.

Үшінші нәтиже. Үшінші нәтиженің негізділігі студенттік спортты дамытудың әдіснамалық тәсілдері мен қағидаттарын айқындау, сондай-ақ оның құрылымдық компоненттері мен даму көрсеткіштерін әзірлеу арқылы қамтамасыз етілген. Нәтиженің сенімділігі модель блоктарының өзара логикалық байланысымен және олардың зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігімен расталады.

Үшінші нәтиженің ғылыми жаңалығы студенттік спортты дамытудың мақсаты, міндеттері, әдіснамалық тәсілдері, қағидаттары, мазмұны, ұйымдастырушылық тетіктері, құрылымдық компоненттері мен көрсеткіштерін қамтитын құрылымдық-мазмұндық моделінің әзірленуінде болып табылады. Бұл модель студенттердің спорттық қызметін ұйымдастыруға тұтас көзқарасты қамтамасыз етеді.

Төртінші нәтиже. Төртінші нәтиженің негізділігі Батыс Қазақстан университеттерінде педагогикалық эксперимент жүргізу, өзара байланысқан зерттеу әдістерінің кешенін пайдалану, сондай-ақ алынған деректерге сапалық және сандық талдау жасау арқылы қамтамасыз етілген. Нәтиженің сенімділігі эксперимент нәтижелерін статистикалық өңдеу, бақылау және эксперименттік топтардың көрсеткіштерін салыстыру, зерттелген критерийлер бойынша оң өзгерістердің анықталуымен дәлелденеді.

Төртінші нәтиженің ғылыми жаңалығы студенттік спортты дамытудың кешенді жүйесін әзірлеу және оны тәжірибелік тұрғыдан сынақтан өткізуде, сондай-ақ оның студенттердің спорттық белсенділігі мен ынтасын арттырудағы және жоғары оқу орындарындағы бұқаралық спорттық жұмыстарды ұйымдастыруды жетілдірудегі тиімділігін эксперименттік жолмен дәлелдеуде көрініс табады.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігін бағалау

Р.М.Турдалиевтің диссертациялық зерттеуінде алынған ғылыми нәтижелер өзара тығыз байланысқан және ішкі бірлігімен сипатталады. Бұл диссертация бөлімдерінің ғылыми тұрғыдан жүйелі құрылымдалуымен, зерттеу материалдарының мазмұнды әрі жинақы баяндалуымен, жұмыстың негізгі идеясының айқын көрініс табуымен және қойылған зерттеу міндеттерінің дәйекті шешілуімен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыста ғылыми таным логикасы сақталып, зерттеу нәтижелері мен қорытындыларының өзара сабақтастығы қамтамасыз етілген.

Диссертацияның негізгі қағидаларының, нәтижелерінің, қорытындылары мен тұжырымдарының жарияланымдарда жеткілікті дәрежеде көрініс табуын растау

Диссертация тақырыбы бойынша ізденуші 13 ғылыми еңбек жариялаған. Олардың бір бөлігі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған рецензияланатын ғылыми басылымдарда, сондай-ақ Scopus дерекқорына енгізілген шетелдік ғылыми журналдарда жарық көрген. Бұдан бөлек, зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдарында жарияланып, ғылыми қауымдастық назарына ұсынылған.

Жарияланған ғылыми еңбектер диссертациялық зерттеудің негізгі ғылыми қағидаларын, алынған нәтижелерін, қорытындылары мен тұжырымдарын толық әрі жан-жақты қамтиды. Бұл диссертация мазмұнының жарияланымдарда жеткілікті дәрежеде көрініс тапқанын және зерттеу нәтижелерінің ғылыми апробациядан өткенін көрсетеді.

Жұмыстың 8D01401 – «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылатын диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкестігі және қорғауға ұсыну туралы қорытынды

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, Турдалиев Рауан Муратовичтің «Қазақстан Республикасында қазіргі кезеңдегі студенттік спорт дамуының ғылыми-әдістемелік негіздемесі» тақырыбындағы диссертациялық

зерттеуі Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылатын диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарына толық сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс ғылыми жаңалығының деңгейі, теориялық және практикалық маңыздылығы, нәтижелерінің негізділігі мен сенімділігі тұрғысынан талаптарға сай орындалған аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Осыған байланысты диссертацияны ашық қорғауға ұсынуға болады.

**Шетелдік ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының докторы,
Орынбор мемлекеттік педагогикалық университеті
Дене мәдениеті және спорт институтының
ТиМСД, АФК және МБОФВ
кафедрасының профессоры.**

Коровин С.С.

«11» июня 2026г

Перевод текста с русского языка на казахский язык выполнен мною, Акбулатовым Айдарбеком Ахметовичем, на основании Диплома ФД № 0002929 выданного Комитетом по контролю в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан от 08.04.2019 года.

подпись

ф.и.о.

Акбулатов Айдарбек Ахметович

Республика Казахстан, Западно-Казахстанская область, город Уральск

11 июня 2026 года, я, Амётова Салтанат Бековна, нотариус города Уральска Западно-Казахстанской области Республики Казахстан, действующая на основании государственной лицензии №14016966 выданной Министерством юстиции Республики Казахстан от десятого ноября две тысячи четырнадцатого года, свидетельствую подлинность подписи, переводившего текст с русского языка на казахский язык, сделанной Акбулатовым Айдарбеком Ахметовичем. Личность, подписавшего документ установлена, дееспособность и полномочия его проверены.

Зарегистрировано в реестре за №

2140

Оплачено согласно установленного тарифа: 2292 тенге



Нотариус

Am

Аметова С.Б.



ST030479726061113137A747264

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

Пронумеровано и прошнуровано
на 1000000

Подпись _____
Листах _____

